

Зеленов аудандық мәслихатының 2005 жылғы 22 ақпандағы "Зеленов ауданында азаматтарға тұрғын үй ұстaugа және коммуналдық қызметтерін пайдалану үшін тұrғын үй көмегін беру тәртібі және өлшемін бекіту туралы" N 13-4 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 17 маусымдағы N 14-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 30 маусымда N 7-7-91 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 31 наурызыдағы N 21-4 шешімімен.

**Ескеरту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихаттың 2010.03.31 N 21-4 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының "Тұrғын үй қатынастары туралы" Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Зеленов аудандық мәслихаттың "Зеленов ауданында азаматтарға тұrғын үй ұстaugа және коммуналдық қызметтерін пайдалану үшін тұrғын үй көмегін беру тәртібі және өлшемін бекіту туралы" 2005 жылғы 22 ақпандағы N 13-4 шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2918 тіркелген, 2005 жылғы 9 сәуірдегі "Ауыл тынысы" газетінің N 15-16 жарияланған), 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 24-4 "Зеленов ауданында азаматтарға тұrғын үй ұстaugа және коммуналдық қызметтерін пайдалану үшін тұrғын үй көмегін беру тәртібі және өлшемін бекіту туралы" 2005 жылғы 22 ақпандағы N 13-4 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-7-29 тіркелген, 2006 жылғы 10 маусымдағы "Ауыл тынысы" газетінің N 23 жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген ережесінде:

3 тармақта:

"30" деген сандар "20" деген сандармен, "15" деген сандар "10" деген сандармен ауыстырылсын;

4 тармақта:

"15" деген сандар "10" деген сандармен ауыстырылсын;

осы тармақ мынандай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Қатты отын тұтыну нормативтері жылды маусымы есебімен пайдалы көлемнің 1 шаршы метріне 75 килограмм құрастырады.

Сұйылтылған газдың шығын нормативтері ас дайындауға айна 1 адамға – 11 килограмм, 2 және одан артық адам бар отбасына – 5,5 килограмм құрастырады.

Су, жылу және энергиямен жабдықтау, қоқыс шығару және тұрғын үй ұстауға шығындардың тұтыну нормативтері және олардың тарифтері қызмет көрсетушілермен ұсынылады.

10 тармақ:

Мынандай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қатты отын және сұйылтылған газды тұтыну үшін құжаттарын беруге мүмкіндік болмаған жағдайда, оларды сатып алған фактісі ауылдық округтің участекелік комиссиясымен өткізілген өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру актісімен дәлелденеді".

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*A. Сайпиев*

*B. Шохина*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК